«Жанубий Қозоғистон» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» ЖШС-ның

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОТЫРЫСының №5 хаттамасы

Шымкент қаласы 5 қараша 2026 жыл

Төрағалық етуші: Абубакиров М
Хатшы: Бейсебаева А
Қатысқандар: бас редактор,бас редактордың орынбасары,жауапты хатшы және тілшілер мен корректор қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» талаптарын түсіндіру және IV тоқсанда атқарылған жұмыстарды қарау.

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №285 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» талаптарын талқылау.

3. Редакция қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, мүдделер қақтығысын болдырмау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша: Бас редактор сөз алды

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларының талаптары түсіндірілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізгі мақсаты – мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал етуі мүмкін себептер мен жағдайларды анықтау және олардың алдын алу екендігі атап өтілді.

Ішкі талдау барысында мынадай бағыттарға назар аудару қажеттігі айтылды:

- нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін зерделеу;
- қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындау барысын талдау;
- мемлекеттік сатып алулар мен қаржы қаражатын пайдалану мәселелерін қарастыру;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде заңдылық пен ашықтықты сақтау.

Екінші мәселе бойынша:

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №285 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар таныстырылды.

Аталған ұсынымдарға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастырудың негізгі бағыттары түсіндірілді:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін картаға түсіру.
2. Мүдделер қақтығысын болдырмау.
3. Қаржылық бақылау шараларын сақтау.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.
5. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету.
6. Қызметкерлерді басқару үдерістерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.
7. Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

Қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде заңдылықты, әділдікті, ашықтықты басшылыққа алу қажеттігі ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Мекеме қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау, азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде әдептілік таныту және кез келген мүдделер қақтығысының алдын алу мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге жол бермеу, заңсыз сыйақы алмау және қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдаланбау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының талаптары басшылыққа алынсын.

2. Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және олардың алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың талаптары мекеме қызметінде ескерілсін.

4. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

5. Мүдделер қақтығысына жол бермеу, мемлекеттік сатып алу және қаржы қаражатын пайдалану кезінде ашықтық пен заңдылықты сақтау қамтамасыз етілсін.

6. Осы хаттамада көрсетілген тапсырмалардың орындалуын бақылау мекеменің жауапты маманына жүктелсін.

Төрағалық етуші: **Абубакиров М.**

Хатшы: **Бейсебаева А.**